– Басылымның қаржылай демеушісі кім?

– Біз құрастырушылар өзімізге өзіміз демеуші болдық.

– Жинақ аз ғана данамен шыққан екен алдағы уақытта қосымша басып шығару жоспарларыңызда бар ма?

– Қазір біз жинақтың 2-томымен жұмыс жасау үстіндеміз. Осы 2 том жарық көрсе, еңбектеріміздің тұсау кесерін өткізу жоспарымызда бар. Сонан соң халықтың сұранысына бөленіп жатсақ, екі томды да қосымша көбейтуді ойластырармыз.

– Торғын Абибуллақызы, біз Сіздің опера әншісі екеніңізді жақсы білеміз. Сіз осы әншілік өнер мен педагогикалық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді қалай бірге алып жүрсіз?

– Әншілік өнерге деген сүйіспеншіліктің, шәкірт тәрбиелеуге құштарлық пен талпыныстың әсері деп ойлаймын. Маған артылған жауапкершілік пен сенімді ақтау үшін жақсы ұйымдастырушы болуға тырысамын.

– Әңгімеңізге көп-көп рахмет!

Сұхбатты жүргізген Нартай БЕКМОЛДИНОВ

Журнал оқырмандары осы хрестоматияға енген кейбір шығармалармен басылымның 48-50 беттерінде таныса алады.



АБАЙДЫҢ ӘНШІ ШӘКІРТТЕРІ

Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ,

филология ғылымдарының докторы.

«Ақиқат» журналынан алынды.

Музыка саласында жазба мәдениетінің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі, олардың халықтың жүрегінде сақталуында. Композитор болғанымен, нота білмеген Абайдың әндері ауызша таралды. Абай әндерінің халыққа кең таралуына, біріншіден, ән табиғатының халыққа жақындығы, тыңдаушысын баурап алар тосын әуен мен терең мазмұн болса, екіншіден, сол әндерді үлкен сахна - сахарада нағыз күміс көмей әншілердің орындауы еді. Абай әндерін орындаушылар ән өнерінің хас шеберлері-тін. Ақынның өзі айтқандай: «Адам аз мұны біліп ән саларлық, тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық», - деп, Абайдың жаңа әндерін тосырқап қабылдаушылар да аз болмады. Сол кезде әнші шәкірттер тек әнді таратушылар ғана емес, терең мазмұнға құрылған

фибратты әндердің насихатшысына айналды. Бұл арада сазгер Абай өз бойындағы барлық құндылықтарды әнге деген ыстық ықыласын, өзі шығарған әндерін орындап халыққа таратушы әнші шәкірттеріне, сол уақыттың жырын жырлап, мұң мұқтажына араласуына, өз бойларындағы таланттарын шыңдап, көрсете білулеріне жол ашты. Әнші-музыканттар Абай үйіне жиналып, өздері шығарған, біреуден үйренген ән-күйлерін Абай алдында ортаға салып, сыннан өткізіп отырған. Абайдың Татьянасын әнші шәкірттердің автордан үйренуі тұсын Әуезовтен тыңдап байқайық: «...Мұхамеджан домбыраға жаңағы әннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр. Абай бұл кезде өз кезегін жүріп, сәл босап отыр еді.

– Жоқ, теріс тартып отырсың, – деп домбыраны қайта алды. Жаңағы әнін үш-төрт қайырып тартып өтті. Мұхамеджан енді домбыраны қайта алғанда, іркілместен қатасыз тарта жөнелді. Сол арада жаттап алған алғашқы екі ауыз өлеңді әнге де салып жіберді» [1, 574-б.].

Абай қасындағы аса талантты әнші-музыканттарды атағанда, алдымен Мұқа Әділханұлы есімі айтылады. Сонау Халиолла қаладан келіп жүрген кездерде Абай ауылының ән мен күйін келтіретін Мұқа келе-келе Абай ауылындағы әншілер мектебінің ұстазына айналды. Музыка өнерін қаладан арнайы үйреніп келген Мұқадан «Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Кәкітай, Тұрағұл, Әлмағамбет, Мұхамеджан, Өтегелді, тағы бірнеше жастар домбыра, гармон, скрипка тартып, музыка тілін үйреніп шығады. Абайдың қызы Күлбадан, Ысқақтың қызы Рахималар да гармон ойнауды үйренеді» [2, Б. 125-126]. Бүгінгі тілмен айтсақ, Мұқанікі музыка үйірмесі іспетті. Абайдың Мұқа сияқты талантты ауылына алғызуы сияқты өнегелі ісі өз шәкірттерінің өмір жолында да жалғасқан. Мәселен, Мағауия інісі Тұрағұлдың ән-күйге әуестігін біліп, Семейден Яков деген скрипкашыны алдырып, ақы төлеп, Тұрағұлға скрипка үйреткен. Мұқаның талантын аса жоғары бағалаған Абай оны музыка саласында оқыту үшін Мәскеу, Петербор сияқты үлкен қалаларға жібермек болып, арнайы киім тіккізіп, жол жабдығын да дайындаған көрінеді. Ел арасындағы көп кикілжіңнің бірі қолбайлау болып, Мұқа бұл сапарға бара алмай қалған екен [3, 279-б.]. Музыкант Мұқа домбыраны да өзі жасайтын шебер болған. Ең өкініштісі - Мұқаның музыкалық мұрасы нотаға түспей, жасаған домбыралары бізге жетпей қалғандығы. Абайдың немересі, Ақылбайдың ұлы Исраил Мұқаның күйлерін сақтап, тартып жүргенмен, дер кезінде нотаға түспеген музыкалық мұраның қазір көбінен көз жазып қалдық. Мұқа скрипкада ойнап, орыс күйлерін қазақ даласына әкелді. Австрия композиторы И.Штраустың «Көгілдір Дунайда» вальсін скрипкада тамылжыта орындағаны соншалық, сол күйдің әсерінен «Он саусақ бірі басып, бірі қаға» деп басталатын лирикалық күйге толы өлеңін шығарады. Әнші шәкірттердің көшбасшысы ғана емес, Мұқа солардың ішіндегі үздігі-тін. Қ.Мұхамедханұлы былай дейді: «1909 жылы Семейде «Народный дом» деп аталатын орында қазақ, татар өнерпаздары домбырашы, скрипкашы, әнші-күйшілердің жарысы болғанда, оған Абай шәкірттері Мұқа Әділханов, Әлмағамбет Қапсәлімов, Мұхамеджан Майбасаровтар да қатынасады. Осы өнер

салыстыру жарысында бас бәйге Мұқаға беріледі» [3, 283-б.]. Абай дүниеден өткен соң, ұлы ақынды еске алу кештерінде Мұқа, Әлмағамбеттер ұстаз әндерін айтып, күй орындаған. Абайдың талантты шәкірті деп таныған М.Әуезов Мұқаны ертеден біліп, араласып, кейіннен Мұқа образын эпопеясында ең жарқын бейнелердің бірі ретінде сомдады.

Жалпы, «Абай жолы» эпопеясындағы әнші-ақындар бейнесі деген тақырыптың әлі көбесі сөгіле қойған жоқ. Әу баста эпопеяның кейінгі екі кітабында Абай және оның маңайындағы шәкірттері тақырыбын көтермек болған М.Әуезовтің жоспары саяси қысымның салдарынан іске аспай қалғанда, жазушы Абай айналасындағы әншілік дәстүрге көп салмақ салуына тура келді. Эпопеядағы ақын шәкірттердің орнын әнші шәкірттер басып, тиым салынған Абай мектебі деген ұғымның оқырман санасынан мүлде өшіп қалуынан сақтағандай еді. «Абай жолында» ән тақырыбы Абайдың Ділдә ауылына қайын-дап барғанда, Сүйіндік-Тоғжан ауылындағы көріністер-де қылаң беріп қап, Әйгеріммен кездесуінде бір жарқ ететіні бар. Нағыз әннің шарықтауы – «Жайлауда» тарауында, Абай ауылына Біржанның келуімен көркем көрініс тапқан. Біржанның қасында ән үйренген Әмір мен Оралбай, Әйгерім мен Керімбалалар сомдалған. Біржанның үлкен ән қуатын алған Абайдың айналасы енді әнді күнделікті тұрмыстың бір қажеттілігіне айналдырғандай. Эпопеяда қалаға келе жатқан Абай балалары жарыса ән шырқап, ел ішінің ығырынан мезі болған әке көңілін бір уақ жаддырататын эпизод бар. Бұл келесі бір биікке шырқаған ән тақырыбына барар баспалдақ іспетті еді. «Татьянаның сахарадағы әні» Әуезов көркем шығармасының өнер тақырыбын қозғаған ең бір кестелі тұсы ғана емес, жалпы эпопеяның алғашқы іргетасы осы «Татьяна жырынан» бастап қаланған. Яғни, әлемге аты мәшһүр эпопеяның бастау бұлағы ән тақырыбында жатқандығы тегін емес. Татьяна әнінің Мұхамеджан арқылы Абайдың өзге шәкірттеріне жетуі эпопеяда аса тартымды суреттелген: «Олар тегіс көшіріп болған соң, осы кеш бойында біреу домбырамен, біреу үнмен ылғи «Татьяна хатын» айтуда болды. Тек үйрене алмағандар Мұхамеджанға бастатып, өздері екіден-үштен қосылып отырып айтты. Сонымен, түн ортасы ауғанша, барлығының ден қойғаны - Мұхамеджан әкелген жаңалық сый еді. Көп мезгіл өтіп, жатарманға тақағанда, бұл үйдің ішінде домбыра тартып, ән сала білетін адамның барлығы да Татьяна әнін, мұңын жаттап алды» [1, 580-б.]. Нағыз өмір шындығы жазушы қиялындағы көркемдік шындықпен астасып, бірігіп, тұтасып кеткендей. «Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан-саналы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып, тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады» [1, 586-б.]. Осынау құдіретті әнді таратушы жас әншілердің келесі бір легі туралы сөз эпопеяда бұдан былай кеңінен сөз бола бастады. «Абай жолын» сүзген адамға бірден байқалатыны, Әуезов ән тақырыбын сомдағанда өмір шындығынан алыс кетпеген. Көкбай, Мұқа, Әлмағамбеттер Абай әнін жарыса шырқайды. Мұқа «Айттым сәлем, Қаламқасты» созса, Әлмағамбет «Көзімнің қарасын» айтады. Қаладан келген Әбіш Мұқамен бірігіп скрипка тартып, өнер көрсетеді, барлық жерде Абайдың сөзі, Абайдың әні жас өнерпаздардың

аузында. Төрт кітаптан тұратын эпопеяның соңы да әнмен бітеді. Бірақ, қайғылы, қазақ даласына жаңалық шашқан ұлы өнердің иесін жоқтаған азалы ән. Ән өнерін ерекше қадірлеген кемеңгер ақынның қабірінде жоқтау айтқан асыл жар - Әйгерім сазы оқырман жүрегін елітеді. Жазушының соңғы сөйлемдеріне құлақ түрейік: «Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған әннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан» [4, 605-б.]. Ән мен өлең! Абай өзі тірі кезінде мүлде жаңа сатыға көтерген осынау бір өнердің екі қанатын ары қарай самғата алар ұрпақ бар ма деген сауалға жауап қатады жазушы. Бар! Ол - Абайдың өнерлі шәкірттері. Топырағы кеппеген Абай қабірінің басындағы жаңашыл жыр мен өзгеше ән Абай өнерінің жалғасы болып, шартарапқа тарап жатты.

Абайдың жанындағы ақын шәкірттерді сомдауға мүмкіндік болмағаннан кейін салмақты әнші өнерпаздарға салған Әуезов, әнші жастардың тек Абай әндерін таратудағы еңбегін ғана сөз ете алды. Жас өнерпаздар эпопеяда тек Абай әндерін орындаушы, таратушы. Ал, өз жандарынан ән шығарғандары туралы Әуезов сөз қозғамаған. Өйткені, композиторлық дегеніңіз - нағыз ақындық. Ақындық туралы сөз қозғауға мүмкіндік болмағандықтан, Шәкәрімнің, Көкбайдың, Әсеттің, Уәйістің, Ақылбай мен Мұқаның композиторлық қарымы туралы Әуезов айтпады.

Өзі ән шығармағанмен, Абай әндерін насихаттауда үлкен еңбек сіңіріп, көзі тірісінде «Абайдың әншісі» атанған өнерпаздың бірі - Әлмағамбет Қапсәләмұлы. Жасынан Абай жанында жүріп, кемеңгер ақынның ішкі тебіренісін дөп басатын сезімтал Әлмағамбеттей Абай әндерін көңілден шығарып орындайтын адам кемде-кем болса керек. Абайдың, Біржан сияқты үлкен әншілердің әндерін орындаған Әлмағамбет, қолқалап жүріп Ақылбайға да ән шығартып, оны Тұрағұлмен қайыншылап барған Матай жерінде орындайтыны бар. XX ғасырдың басындағы Абайға арналған кештерде Әлмағамбеттің ән айтқаны туралы баспасөз беттеріндегі қысқа хабарлардан басқа әнші туралы нақты дерек жоқтың қасы. Бізге жеткен дерек - Әлмағамбеттің үш ұлының бірі - Шәбден ақсақалдың әңгімесі [5] мен ақын М.Ыбырайұлының Әлмағамбет туралы мақаласы [6] ғана. Ел аузындағы естеліктерге жүгінсек, Әлмағамбет Тобықты ішінде Тоғалақ деген атадан. Әлмағамбеттің үш ұлының бірі - Шәбден әкесінің өнерін ұстаған өнерпаз, кейіннен құйма құлақ шежіре адам болған. Әлмағамбеттің қасиетті домбырасы осы Шәбден ақсақалдың тапсыруымен Абай мұражайынан құнды жәдігер болып орын алды. Сол Шәбден ақсақалдың айтуынша, малдың бабын білген Әлмағамбеттің әкесі Қапсәләмді Абай жылқы бағуға әдейі алдырып, тағдырдың жазуымен Әлмағамбет Абайдың тәрбиесін көріп өседі. «Абай өз балалары Мағауия, Тұрағұлмен бірге Әлмағамбетті де үш қыс Семейде орыс музыкантына беріп үйреткен» [5, 79-б.], - деп жазады Шәбден Әлмағамбетұлы. Әлмағамбет әнші ғана емес, бірнеше музыкалық аспаптарда ойнаған шебер күйші болған. «Дунайская волна», «Лезгинка», «Возвратное время», «Банкрот», «Полька», «Птичий марш», «Крико-

вяк» деген басқа халықтың ән мұралары Әлмағамбет арқылы елге тараған. Қазақ зиялылары Нұрғали және Нәзипа Құлжановалармен жақын араласып, Абай есімін халыққа таныстыруда бірлесе жұмыс істеді. Төңкерістен кейін Семей қаласында ұйымдастырылған қазақ театрының белді бір мүшесі болған Әлмағамбет әнші өмірінің соңына дейін Абай әндерін халық арасында орындап, насихаттаудан бір танған емес. Оның қолқалауымен Ақылбай да ән шығарған.

Жалпы, Ақылбай ән-күйге аса бейім болғанымен, әншілік жолға да мықтап түспеген сыңайлы. Көптің қолқалауымен ән айтып, күй тартқаны болмаса, суырылып шығып, әншілік өнерге аса бейіл қоймаған. Әйтпесе, жасынан сал-сері Ақылбайға әншілік өнер жат емес. Шебер музыкант, жақсы әнші Ақылбайдың бізге бір ғана әні жеткен. Оның өзі екі ауызы ғана сақталған. «Бір ән тауып Әлекең бер деген соң» деп басталатын екі шумақ өлең. Қ.Мұхамедханұлы осы екі шумақты екі бөлек ән деп көрсетеді [7, 16-б.]. Анығында бұл бір ән сияқты. Белгілі әнші, сазгер, жазушы Ж.Кәрменовтің Ақылбайдың ішкі толғаныс, сезімінің пернелерін дөп басып, Ақылбай әнінің шығу тарихын көркемдік шешімге шебер орайластырған «Ақылбайдың әні» әңгімесінен танысуға болады бұл әнмен. Бірақ, әңгімеде айтылғандай, Мекайылдың емес [8], М.Ыбырайұлы келтіргендей Мағауияның да емес [6], Тұрағұлдың қалыңдығы Сақыпжамалды алуға Матай жеріне барарда Ақылбайдың Әлмағамбетке шығарып берген әні. Сауыққой, өнерлі Матайдың жеріне құдалар Ақылбайдың жаңадан шығарып берген әнімен барған екен. Сақыпжамал - Матай елінің белгілі байы, Делбегетейдің бауырын жайлайтын Әлжан қажының қызы. Әлжан - ХVIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген атақты Құттымбет батырдың ұрпағы. Өз заманында батырлығымен аты шыққан, кейіннен бойындағы қасиетімен елдің аңызына айналған Жалаңаш батырдан Назар туса, Назардан Әлжан туған [9, 47-б.]. Шамамен, 1835-1918 жылдары өмір сүрген Әлжан елінде бірнеше жыл болыс болған, елге қадірі артып, қартайған шағында Мекеге барып, қажы ата-нады. Әлжанмен сыйласқан Абай байдың қызын өзі көріп, ұнатып, Тұрағұлға әперген. Қазіргі Әлжан көлінің жағасына Абай бастап келген құдалықта Ақылбай әнінің тұсауы кесілген екен. Сақыпжамалдан ұлы - Жебіраил, екі қыз - Ақылия (Ақыш) пен Мәкен туады. Тұрағұлды қуғынға салған кеңес заманының белсенділері Томскіде оқуда жүрген баласы Жебіраилдың түбіне жетсе, екінші ұлы Зүбаир елден кетіп, қырғыз жақта аштан өледі. Ел естелігіне құлақ түрсек, Ақылбайдың «Ақтамақ» деп аталып кеткен Көкен қызға арналған «Асықтық сәлем айттым Көкеніме, жүре берме әркімнің жетегінде» деп келетін ән-өлеңі де болған көрінеді [10, 497-б.]. Осы әнге қатысты бір деректі Т.Әлімқұлов келтіреді: «Осы күні Оңтүстік Қазақстанда «Сәкеннің әні» деп салатын бір ән Абайдың баласы Мағауияның (дұрысы - Тұрағұлдың Б.Е) қалыңдық ойнауға бара жатып шығарған әнінен айнымайды» [11, 151-б.], - деген пікіріне де құлақ аспай болмайды. Абай ауылының әні қазақ жерінің екінші бір қиырына Сәкен арқылы жетуі ықтимал немесе осы әуенге ұқсас ән болуы да мүмкін. Бұған жауапты ән өнерін зерттеушілер береді деген ойдамыз.

Тұрағұлдың өзі де, балалары да әнші болған. Жебіраил әнді домбырамен жақсы айтқан, әсіресе Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» нақышына келтіріп орындаушы еді делінеді естеліктерде [12, 96- б.]. Ал, Мәкен Тұрағұлқызы - Абай әндерін бірден-бір бізге жеткізуші адам. Осы арада айта кетуіміз керек, Абай әндерін жұртқа жайып, насихаттаушы әнші шәкірттер болса, кейінгі буын, дәлірек айтқанда Абайдың ұрпақтары ақын баба ән мұрасының бүгінге жоғалмай жетуіне айтарлықтай үлес қосты. Отызыншы жылдары А.Жұбанов Абайдың әндерін Тұрағұлдың кенже қызы Мәкен Ахметжанованың орындауынан жазып алып, нотаға түсірсе, Л.Хамиди Әрхам Ысқақовтың айтуымен біраз әнін нотаға салады. Шәкәрім әндерінің дені бізге ұлы Ахат арқылы жетсе, әнші Мұқаның скрипкада, домбырада ойнаған күйлерін сақтаған Ақылбайдың баласы Исраил болған. Абай ұрпақтарының өнері, игі істері туралы әңгіме бөлек бір тақырыпқа жүк боларлық.

Тұрағұл әнші, шебер музыканттығымен қоса, сазгерлік өнерге де құлаш сермеген сыңайлы. Тұрағұлды көзімен көрген Н.Алдажаровтың естелігіне тоқталайық: «Тұраш аға ақын, әрі композитор болған. «Әйел сыны» деген өлеңі бар, әнін де өзі шығарған:

Дәл қарға бет қызылы тамған қандай,
Ақ таңлақ айналасы атқан таңдай.

Кірсіз тіс, жайнаған көз, қырлы мұрын
Әжімсіз аппақ тегіс тіп-тік маңдай, – деген.

Тұраш ағаның осы өлеңі мен әні ұмыт болмасын деп магнитофонға жаздым» [12, 95-б.] - деп бізге белгілі «Хат» өлеңінен үзінді келтіреді. Тұрағұл әншілік, сазгерлік жолға түспегенімен, бұл өнерден де қара жаяу еместігі байқалады.

Абайдың ән мектебінің ірі өкілі – Майбасардың Мұхамеджаны. Сол уақытта әншілік пен сал-серілік қатар жүргенін ескерсек, Мұхамеджан жасында қасына топ жиып, салдық құрып, ел аралап, ән салады. Қасында Құдайбердінің баласы Әмір бар. Әмір Құдайбердінің Ботантай деген екінші әйелінен туған да, бала көтермеген Төлебике бәйбіше Әмірді бала қып алған. Әнші, серілігіне қоса Құнанбайдай алыптың ерке де, тентек немересі Әмір Абай ортасына жарқ етіп келіп, лап етіп сөнген ерекше жан болған. Мұхамеджан мен Әмірдің салдығы сол өңірде ерекше болып, тіпті шектен шығуға айналған соң, Құнанбай, Абай болып тиым салған да. Бұл оқиғаны М.Әуезов «Абай жолында» бояуын қалыңдатып, Құнанбайдың қатыгездігін көрсете түсу үшін көркемдік қиялға иіп суреттейтіні бар. Серілігі асқан асау Әмірді Құнанбай қылқындырып, теріс бата бергенде, Абай арашаға түседі. Ал, өмір шындығы сәл басқашалау болған. Өз ауылының қызына ғашық болып, ырыққа көнбей бара жатқан Әмір мен Мұхамеджанды арбаға таңып қойғаны рас. Бірақ, немересін қылқындырып, ешқандай теріс бата бермеген. Таңылып жатып намазын бұзып, ән айтқан екеуіне дауа жоқ екенін біліп, босаптырып жіберген екен [қараңыз: 13, Б. 129-130]. «Мұхамеджанның үлгі-өнеге алған, әншілік тәрбие көрген адамы осы Әмір сал болса, әндерінің денін Абайға еліктеп шығарып отырған. Абай дәстүрі, Абайдың әншілік сарыны Мұхамеджан әндерінде айқын сезіліп отырады» [14, 175-б.] - дейді Ж.Кәрменов. Әмір жастайынан қайтыс болған соң, Мұхамеджан жетімсіреп, сал-серілік жүрісіне тиым

салған Құнанбай, Абайларға өкпелеп, (кей деректерде басқа ағайындарымен сыйыспай Б.Е) қайнына Қызылмола жаққа көшіп кеткен.

Жау болды Абай ағам жасымыздан,

Кетпеді күнде қиқу басымыздан.

Қорқытып әбден жеңіп алғаннан соң

Көршінің бәрін қуды қасымыздан.

Сұрасаң арғы атамды Ырғызбай-ды,

Шындаса жатқа олжа болғызбайды.

Еліне Қызылмола кеттім шығып

Қудалап ағайыным тұрғызбайды.

Көк үйірім айдын шалқар көл емес пе?

Ырғызбай қайда жүрсе бел емес пе?

Еліне Қызылмола кеттім шығып

Көңілімді көтергім жөн емес пе?-

Осы өлеңді естіп, Абай кісі жіберіп Мұхамеджанды көшіріп алғызған» [12, Б. 92-93], – делінеді бір естелікте. Осыдан былай қарай Мұхамеджан Абай шәкірттерінің тобына қосылып, Абайдың дәстүріндегі әндердің насихатшысына айналады. Абайдың келіні Кәмәлияның айтуынша: «Әкем әндерін халыққа таратқан әншінің бірі - Мұхамеджан» [15, 200-б.]. Абайдың «Татьяна-сын» алғаш орындап, бүкіл өнерсүйер қауымды елең еткізген осы Мұхамеджан болса, құдіретті әншілігімен қоса ақындығы да болған Мұхамеджанның бізге жеткен осындай бірер ауыз өлеңінен басқасы кезінде ұмыт болғанға ұқсайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай жолы. 1-кітап. - Алматы: Жазушы, 1990. - 606-б.
2. Ысқақов Ә. Абайдың өмір жолы // Жүрегімнің түбіне терең бойла. - Алматы: Жазушы, 1995. - 296-б.
3. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 3-кітап. - Алматы: Дәуір, 1995, - 320-б.
4. Әуезов М. Абай жолы. 2-кітап. - Алматы: Жазушы, 1990. - 624-б.
5. Әлмағамбетұлы Шәбденнің әңгімесі // Абай. - 1994. - № 11. 78-80-б.
6. Ыбырайұлы М. Абай әншісі Әлмағамбет // Абай. - 1993. - №5. - 54-59-б.
7. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. - Алматы: Дәуір, 1993, - 224-б.
8. Кәрменов Ж. Ақылбайдың әні: Повесть және әңгімелер. - Алматы: Жалын, 1980. - 152-б.
9. Керейбаев Қ. Қазыналы Қалба. - Алматы: 2003. - 464-б.
10. Исабаев Б. Ұлылар мекені. - Новосибирск, 2001. - 623-б.
11. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. - Алматы: Жазушы, 1993. - 223-б.
12. Алдажаров Н. Абай туралы әңгімелер // Жұлдыз. - 1992. - №1. -80-103-б.
13. Жұртбай Т. Құнанбай. - Алматы: Алаш, 2004. - 400-б.
14. Ән туралы әңгіме (Сұхбат) // Жұлдыз. - 1989. - № 6. - 174-179-б.
15. Абайдың келіні, Әубәкірдің әйелі Камәлияның есте қалғандары // Жүрегімнің түбіне терең бойла. - Алматы: Жазушы, 1995. - 296-б.

Шәмші феномені



Исраил САПАРБАЙ,

ақын, композитор.

(«Егемен Қазақстан», 13 тамыз, 2010)

Иә, бүгінде Шәмші Қазақ деген халыққа, халық Шәмші деген алыпқа айналды! Алып қашанда анық! Көзге анадайдан көрініп тұрады. Көрініп қана қоймайды, көп өтпей-ақ өзіңізге айналып жүре береді. Бұған таңқалмасқа шараңыз жоқ. Тұтас халыққа айналған адамды жақсы көрмеуге бола ма?! Жатырқау жаттың ісі, жақындау – Хақтың ісі. Өйткені, Рух – Хақ тарапынан адам баласына жіберілетін ұлы шарапат, шафқат! Ол екінің басына қона беретін Бақтан да аяулы һәм әзіз. Бақ қонбалы, Рух ұшпалы. Тұтас халықтың бақытты һәм баянды болуы бақтың өзіне ғана емес, рухқа байланысты. Бұл – әзелгі ақиқат. Біздің Өнер деп жүргеніміздің тірегі де, жүрегі де осы Рух. Өнерін, оның ішінде, өнер адамын көкке көтерген елдің әрқашанда өресі биік, өрісі кең. Көбелек те қонарға гүл таңдайды. Әуедегі құс та ұшып-қонарға тал таңдайды. Хақ тарапынан адам баласына жіберілетін Рухтың да дәл осындай қадір-қасиеті бар. Сол рухтың патшаға емес, басқаға емес, Шәмшіге, иә, біз білетін Шәмшіге адаспай, айнымай келіп қонғанын, міне, енді шамалаған боларсыз. Ұлы композитордың, әйгілі ән падишасының соншалықты атақты һәм қарапайым, кішіпейіл һәм кірпияз, көпшіл һәм көнекөз, сергек болмағының қыр-сыры да осы арадан қылаң берсе керек.

Халық әндерін не үшін жақсы көретініміз бесенеден белгілі, ал Шәмші әндері ше? Естіген сайын емешегіміздің үзіліп тұратыны неліктен? Нәші келсін, келмесін айтқымыз кеп тұратыны несі екен? Сонан соң естіген сайын жүрегімізге еніп, айтқан сайын жан-дүниемізді аялай, аймалай, әлдилей түсетін әуенінде нендей сыр, сиқыр жатыр? «Алты айлық әндерді» былай қойғанның өзінде, небір айшықты әндер, неше жерден әуезді, сазды болғанымен, уақыт өте келе көңілден көшіп, санадан өшіп қалып жатқанын да көріп, біліп жүрміз. Ал,

Шәмші әндерінің, қай-қайсысы болсын, айтқан сайын жаңғыра, жаңара түсетіні неліктен? Осыған аз-кем болса да ой жіберіп көрген жеріңіз бар ма? Бар болса, бұл жөнінде нендей уәж, дәлел, дәйек айта алар едіңіз? Музыка әлеміне, саз сиқырына көз майын тауысып, сөз мәйегін сарп етіп жүрген сарабдал өнертанушылар бұған не дейді? Айтпақшы, сол сабаздарыңыз бүгінде бар ма екен өзі? Бар болса, неге бой көрсетпейді? Басқа басқа, Шәмші шығармашылығының соңына неге шырақ алып түспейді? Шынын айтсақ, тәуелсіздікке қол жеткізген аз ғана жылдың ішінде жол-жөнекей жоғалтып, не тоналтып үлгерген рухани игіліктеріміз бен ізгіліктеріміз аз емес сияқты. Өнер дейтін әлемнің басқа саласын ауызға алмағанның өзінде, әдебиет сыншысынан айрылды, музыка зерттеушісінен қол үзді. Сыншысы өлген әдебиеттің оңдырып оқырманы болмайтынына да соңғы кезде көзіміз жетіп жүр. Ал, «өнертанушы» деген сөздің қоғамдық қолданыстан, адамдық арақатынастан шығып қалғанын немен түсіндіруге болады? Бұл ненің салдары? Кешегі бар бүгін неге жоқ? Әуелі экономикамызды епке келтіріп, тұрмысымызды түзеп алайық дегенге құлақ ассақ, шалқып шаттанып, балқып баптанып жүргеніміз тағы шамалы. Есті ел материалдық игілік пен рухани құндылықты егіз қатар алып жүрсе болар еді... Барқадар жұрт жол-жөнекей барын жоғалтпайды, жоғын табады. Керуен көштен бірде уық, бірде басқұр. жолай жоғала берсе, келер кезек бір күні Шаңыраққа келіп жетпесіне кім кепіл? Әйтпегенде, күні кешегі Шәмші, Нұрғиса, Әсеттердің тағдыр, таланты, анау Садық, Сыдық, Мұқандардың мәңгілік музасы қай халықтың тайқы маңдайына тар келіпті?!

Айтулы өнер адамының өмірінде туған күні, өлген жылы деген болмайды. Ол шенге де, шекпенге де, шекке де, шеңберге де сыймайды! Ұлылықты танып білем десеңіз, әуелі өзіңіздің зердеңізге зейін салыңыз. Ал, зерде жеке адамға да, жәми жамағатқа да бірдей қатысты. Ұлттың ұлы болмағы есіктегі мен бесіктегінің белгі, нышанынан көрініс табады. Төртегінің бәрі ұлық емес, төсенішті жерге де салуға болады. Жердегінің бәрі құлық емес, қадіріңе мәзірі сай, құрметіңе құзыры құп. Ұлылық ұғымын аса асқақтата берудің қажеті жоқ. Оның Тәңірі көкте, тамыры жерде. Аралықта өмір бар. Ол біреуге ұзақ, біреуге қысқа. Шәмшінің өлердегі

жасын қайдам, өнердегі жасы ұзақ, тым, тым ұзақ!.. Қазақтың бүгінге дейінгі және бүгіннен кейінгі ғұмыры қаншаға ұзарса, Шәмшінің аты да, заты да соншаға созылмақ! Ақиқи шындық осы. Аталып отырған сексен жылдығыңыз сол ұзақ-сонар өмірдің көзмоншақтай бір үзігі ғана! Аңызға айналған адамның ақиқаты да аңыз. Өз басым Шәмші туралы не айтсам да, не жазсам да алдымен осы қағидаға арқа сүйеймін. Әркім әр саққа жүгіртіп жүрген «Сыған серенадасы» да әу бастан осы ұстанымға негізделіп жазылған. Кім не десе о десін, көркем шығарманың райы да, шырайы да алдымен Шындыққа жүгінеді. Арғысы толығымен қаламгердің қалауында. Ал, біз айтып отырған Шындықтың көзі – Шәмшінің өзі! Төмендегі мөлтек дүниелер де тұтастай алғандағы «Шәмші ғұмырдың» таңдай жібітер ащылы-тұщылы тамшылары.

Бұйымтай

Шәмші аға күтпеген, ойламаған жерден телефон шалды. Түнгі он бір шамасында, Тараздан. Әнін әрі тыңдап, әрі айтып жүргеніміз болмаса, ол кісімен бұлай ауызба-ауыз сөйлесіп отырғаным алғашқы мәрте. Түн ішінде сонау Тараздан іздеу салғанына сәл-пәл таңданғанымды қалай біліп қойғанын қайдам:

– Әй, Израил, кештетіп хабарласып отырғанымды кешір, айналайын, немене, келіннің қасына жатып қап па едің? – деді салған жерден, – гәп былай, бір бұйымтай боп тұр...ағаңның бұйымтайы. Екеуіміз бір ән жазуымыз керек. Сүйегі – сенікі, сүйініші – менікі. Тез арада. Солай болып қалды. Тыңдап тұрмысың?

– Тыңдауын тыңдап тұрмын ғой, бірақ...бұрын-соңды...Сізбенен...

Онсыз да үзік-созық сөзімді ортасынан шорт кесіп тастады:

– Сөзді қой да, іске кіріс. Қашанғы Сабырхан мен Әлімқұловтың сөзіне ән шығара беремін. Оларды қоя тұрып, сендерге ауысамын енді. Әңгіме былай: ертең дәл осы уақытта Шымкенттен хабарласамын. Бүгін ойлан, ертең жаз. Екеуіміз екі бірдей қоянды бір оқпен атып алайық деп тұрмыз. Мен мұндағы біреулерге уәде беріп қойып едім... Ал, уәде – құдайдың ісі. Жазатын сөзіңнің ішінде «шарф» және «туфли» деген сөздер болсын, не шумағында, не қайырмасында...

– Апыр-ай, әуелі әнін, былай...оның үстіне әлгі айтқан сөздеріңіз әнге келіңкіремейді ғой, – дей бергенімде:

– Әй, сен...айналайын-ау, ақын емессің бе?! Несі бар, есебін тауып енгіз де жібер, кілтін тауып, кіргіз де жібер! Әнмен бірге айтылғанда кез келген сөздің кедір-бұдыры байқалмай кетеді. Болды, мен ертең дәл осы уақытта Шымкенттен бір хабарымды беремін. Телефонмен ауызба-ауыз оқып бересің. Мен жазып аламын. Әннің шығуы сенің сөзіңе байланысты...

– Дегенмен, аға...Шәмші аға... Әлгі «шарф» пен «туфлиді»...

Байланыс үзіліп кетті. Аң-таң қалпы, әрі-сәрі күйде

мен қалдым. Анау-мынау кісі емес, Шәмші ағаның өзі құда түсіп отыр! Маған. Бірінші рет. Ертең ел аузында... әнмен қоса... Қуанып та тұрмын, құп алып та тұрмын, бірақ, қобалжуым одан да күшті. Ағаның алуан түрлі әндері құлағымнан кетпей, түні бойы ұйықтай алсам-шы...

Таң атқан соң да тағат тапқаным шамалы. Әні белгісіз мәтіннің бірнеше түрін қағазға түсіріп, ит әурем шықты. Қалайда жазуым керек, бүгін, кешке дейін! «Шарфқа» аса қиналған жоқпын, ұйқасқа болмаса да, сөз арасына салып жіберсем қайда барады? Оның үстіне Мұқағалида, әлгі, «Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер...» деген тіркес бар емес пе? «Туфли» құрғырды қайтсем екен? Құдай құп көргенде ол да табыла кетті! Тағы да сол Мұқағалидан. Жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Күн батты. Ымырт үйірлі. Қараңғылық қоюланды. Мәтін әзір-мәзір. Шәмші ағаны күтіп отырмын. Айтқандай-ақ, дәл түнгі он бір кезінде ағамыз телефон соқты, Шымкенттен. Қырағатпен емес, кәдімгі, қырылдаған дауысымен:

– Израил, айналайын, ұйықтап қалған жоқсың ба? Мен, әлгі, кешегі уәде бойынша...

– Мәтініңіз дайын, ағасы, оқып берейін бе?

– Ә, солай дейсің бе? Ой, айналайын, мен қазір, тұра тұр...ал айта бер, құлағым сенде...

Үш шумақ, бір қайырма. Әлгі мың болғыр екі сөздің бірін екінші шумаққа, екіншісін қайырманың ішіне ытқытып жібергем. Демімді әрең алып күтіп тұрмын. Ағамның бір ауыз сөзін. Арада үнсіздік. Ұзаққа созылып барады. Менен сабыр қашайын деді. Жоқ, қырылдағаны қырағаттан да артық сол дауыс...Арғы жақтан анық-қанық естіліп тұр:

– Айналайын-ау, мынауың қатып кетіпті ғой?! Бәрінен де бұрын «Бөкебайың» ұнап тұр, ал «Топылиды» қайдан тапқансың? Соны айтшы?

– Е, ол дегеніңіз өзіңіздің досыңыз Мұқада, Мұқағалида бар емес пе?

– Иә, иә, дұрыс айтасың. Кәне, оқып жіберші?

Төпеп тұрған нәсерге қарамай-ақ,

Бір қыз кетіп барады жалаңаяқ.

Жалтыраған әдемі топылиын

Кім біледі, жауыннан барады аяп...

– Топыли...Оның да таппайтыны жоқ екен. Мықтының аты мықты ғой...

– Мен оны аздап өзгертіп, ән мәтініне бейімдеп...

– Қалай деп?

– Топылай деп...

– Бұл да дұрыс екен. Бәсе, Сабырхан айтып еді, осы балаға сұрау сал деп... Жаңылмаған екенбіз, жақсы болды. Рахмет, айналайын, әнін ұзамай естисің...

– Сау болыңыз...

Бірақ, өкінішке қарай, ести алғам жоқ. Қолмен жазылған сөзін де таба алмай қойдым. Ән туды ма, тумады ма, ол жағын да біле алмадым. Көбіне ел аралап жүретін Шәкеңнің жағдайы о бастан белгілі... Араға

уақыт түсіп кетті. Өзіндей болмаса да, көзіндей болып соңында қалған қағаз, қаламының арасынан табылып қалар ма, бәлкім, кім біледі...

«Сыған серенадасы» қалай жазылды?

Шәкеңнің Шымкентке келуі соңғы кезде жиіледі. Көбінесе не Тараздан, не «Манкент» шипажайынан Оразбек Бодықов екеуі самауыр-шәйнектей тізілісіп кеп тұрғаны. Оның себебі бар. Біріншіден, күтіп алатын, басы-қасында болатын, шығарып салатын, қасында жүретін інілері мұнда көп. Қаланың өзінде белді қызметте істейтін інілері Мұхамеджан Рүстемов, Қуаныш Төлеметов, Рыстай Артықбаев бар. Сонау Мырзашөлдің орталығы Гагаринде тұратын Көбейді туыс-туғанынан да артық көреді. Жетісайдың музыкалық драма театрында бірі күйші, бірі әнші – Бәрі Исаев, Жеңіс Қарғабаев және ақын Әлібек Мейірбеков тағы бар. Екінші бір себебі, соңғы кезде денсаулығы әжептәуір сыр беріп жүр. «Манкентті» айтпағанда, Жетісайда да, Мырзашөлде де Шәкеңнің деніне дауа минералды жылы су бар. Ара-арасында ауруханаға да жатып шығады. Осындай бір күндері қалада емделіп жатқан ағамыздың хал-ахуалын сұрай бардым. Екі иығынан дем алып жатыр екен. Көкірегі сыр-сыр етеді. Маңдайы шып-шып терге бөккен. Палата іші қапырық. Әбден әлжуазданып қалған ағамыздың жанына желдеткіш қоюға да болмайды екен. Кіресін кірсем де, көңілін немен ауларымды білмей далмын. «Кеше Мұхтар келіп кетті... Бүгін сен... Алматыға алып кетемін дейді, ол жағыңда бір оңып тұрғандай...» Көкірегі сыр-сыр еткен ағамыз алып келген оны-мұныма көз салмады. Бет-жүзі жүдеу болған соң ба, қос құлағы одан сайын қалқая түсіпті. «Не ем қабылдап жатсыз?» – дедім дегбірім кетіп. «Дәрісі дарымай жатыр...дәрі басқа, дауа басқа білем...» Медбике келіп тершіген маңдайын мақтамен сүртіп, ем-дом жасады. «Аға, – дедім ентігі саябырсыған бір сәтте – айып көрмесеңіз, көкейде көптен жүрген бір сауалым бар еді...» «Анау әйнекшені ашшы әуелі», деп өзі де орнынан қозғалып, отыруға әрекеттене берді. Бесін ауып қалған мезгіл ғой, әйнекшенің аржағынан ептеп желемік ішке енгендей болды.

– Ал, айта бер, айналайын...

– Айтсам...кешіріңіз, Сіздің басқа әндеріңіз бір төбедағы, «Сыған серенадаңыз» бір төбе. Өлердей жақсы көремін. Сыры бөлек, сиқыры ерек бір дүние. Қалай шықты? Қашан? Соны білсем деп едім...

– Сұрағаның жақсы. Бірақ, қазір мен айта алар ма екенмін...

Ұзақтау әңгіме ғой ол...Анау Алматындағы Қадыр ағаңнан сұрасаң қайтеді?

– Ол кісі қайда қашар дейсіз, ертең Алматыға қайтам ғой, сонда... Дегенмен, өзіңізден естісем деп едім...

– Сұрамайтын кезде сұрадың-ау... Білгенің де дұрыс. Қадыр айтар-айтпас... Қайдағыны еске түсірдің-ау, қарағым...

...Арғысы қалың жұртқа белгілі. Қайталаудың қажеті жоқ. Қазір мұны екінің бірі біледі. «Сыған серенадасы» ойдан шығарылған дүние емес. Ағаның алқына, деміге, қинала отырып айтқан бес-алты ауыз ақиқатының айна-қатесіз айғағы. Ұштығы ұшан-теңіз бір үзік мөлтек сыр ғана. Жалт етпе жастық дәуренінің ең бір елеулі де, қалаулы тұсы болар, бәлкім... Аз күн болса да армандай азат әлемнің ішіне еніп үлгерген елгезек жігіттің ғажайып түс көргендей осынау бір қас қағым сәттік алай-дүлей сезім төңкерісін сол жігіттің өзіне неге қимаймыз? Тіпті, қызғанатынымыз қалай? Оның үстіне ол жігіттің тұла бойында болашақ ұлы композитордың бүкіл болмыс-бітімі менмұңдалап тұрса ше?! Мәселен, сіз, иә, мына сіз сол Шәмші сияқты кез келген көшеде кез келген әлгі сыған қыз-келіншектерімен кездесе қалсаңыз, олар сізге «бал ашамын, бар-жоғыңызды болжап беремін...» деп қиылып, қиылғанымен қоймай, қылмындап қылық көрсетіп тұрса, қайтер едіңіз? «Кет әрі!» деп қабақтан қар жаудырып өте шығу оп-оңай. Көбіміз сөйтіп те жүрміз. Ал, Шәмші өйткен жоқ. Еркінен гөрі елп етпе елікпелігі басым. Оны аз десеңіз, ожданы – азат ой мен сергек сезімнің серісі. Бұл – үрдіс кешегі бірегей Біржаннан, ақиық Ақаннан қалған сарқыт. Сол сарқытты сарқып емес, сақтай алғанның өзі өнер емес пе?! Оны айтасыз, сізге өтірік, маған шын, сол Ақаныңыз Шәмші Қалдаяқовтың түсіне екі рет енген. «Бұл жүрісіңді қой, анау айкәпір ащы уыңнан тыйыл!» деген. Суыңнан емес, уыңнан деп отыр. Қабағын шытып, қатқыл үнмен. Үшіншісінде Шәкеңнің өзі Ақанның басына барған. Құраннан аят қайырып, алақан жайып, кеш болса да кешірім өтінген. Бұған да дәлел керек пе? Күдік, күмәніңіз болса, анау Арыстанбаб бабамыздың қасы мен қабағының аясында байыз тауып жатқан Өзағанның рухынан сұраңыз! Күнәлі адам күдікшіл келеді, зиялы адам үмітшіл келеді. Бәріміз де күнәдан ада-күде емеспіз, әйткенмен көкірек қуысыңызда сол күнәдан арылмақ ниеттің жұмыртқа басып, балапан ұшырып жатқанынан артық не бар дейсіз?!

Жасыратын несі бар, біз көбіне Шәкеңді құр мақтанның құрбанына айналдырып жүрміз. Құлдығына жарасақ бір сәрі... Әрі кеткенде бірер естелік кітап қана жарыққа шығардық. Ана бір жылдары «Кеңсайдағы» жатаған қабірінің қараусыз қалып, шөп-шаламнан көрінер-көрінбес боп жатқанының да куәсі болғанбыз. «Ештен кеш жақсы» деп, өзімізді өзіміз жұбатқанымыз болмаса, Шәмші өмірі мен өнеріне қатысты шаралар едәуір кешігіп барып қолға алынды. Бұл орайда ақын-жазушылар, баспасөз қызметкерлері аз дабыл қаққан жоқ. Нәтижесінде Шәмші Қалдаяқов әндерінің фестивалі дүниеге келді. Мың болғыр атпал азамат Амалбек Тшановтың арқасында ол фестиваль тұңғыш рет Шымкент шаһарында тұсауын кесті. Шынын айту керек, алғаш республикалық, кейін келе халықаралық мәртебеге ие болған бұл игілікті іс кейінгі кезде ақаба судай тартылуға айналып бара жатқан сыңай таныта-

ды. Олай дейтініміз, әнқұмар жұрт арасында алғашқы кездегідей құба-құп құлшыныс, әмбеге ортақ әсер әдепкідегідей емес. Рас, «Шәмші» журналы шығып жатыр. Рас, жыл сайын Алматыда екі рет, Астанада екі рет Шәмші әндеріне арналған дәстүрлі концерттер өткізіліп жүр. Журналдың көркемдік сапасы мен мазмұнына көш жүре түзеледі деген баға беруге болар. Ал, жыл сайын ең кемінде үш-төрт рет бірі екіншісін қайталаудан аспайтын концерт өткізудің аяғы немен тынбақшы? Күндердің күнінде «Шәмшіден де зеріктік» деп жүрмейміз бе? Жаңа әндерін неге естімейміз? Сауатты, білімді, мандолиноны айтпағанда, күйсандықтың құлағында құлыншақтай ойнайтын ағамыз әр жаңа шыққан әнін нотаға түсіріп, мүмкіндігінше мұқияттап жүретінін кім білмейді? Олар, өзі айтқандай, үш жүзден әрі асып жығылмайтын ба еді? Рас, бәрін жауһар демесек те, тіске басары мен іске асары аз емес екені ап-анық. Шын жанашырлық жасайды екенбіз, сол әндерді біртіндеп неге жарық дүниеге шығармасқа? Әншейіндегі елп етпе елгезек әншілеріміздің осы орайдағы еңбегі мен ізденісі қайда? Тіпті, Шәмші ағамыздың су жаңа әндерінен арнайы кеш, концерттерді неге ұйымдастырмасқа? Көрермен мен тыңдарманда айып жоқ. Барға мәзір, азға шүкіршілік қарапайым халықтың қашанғы қасиеті. Мейлі, шығып жатсын, мейлі бұғып жатсын, әр әннің өз тағдыр-талайы бар. Әйткенмен, сахнаға шығуын сан жылдар сағына, зарыға күтіп жатқан ән мұңлықтың көзайым сүйінішін көппен бірге ертерек көргенге не жетсін?! Әсіресе, Шәмшідей ұлы рух иесінің ырзалығы үшін!

Шәмшіні «Вальс королі» деуге әбден дағдыланып кеткенбіз. Маған одан гөрі «Ән падишасы» деген айшуақ ат көбірек ұнайды. Себебі, онда көңіл тоғайтатын толыққанды айдарлы әлем, әсіре лақаптан ада-күде ән иесіне лайықты рухани лауазым бар. Байқаған кісіге Шәмші әндерінің ауқым-аясы, өлшем-мөлшері бірыңғай вальстің аясында тұсалып қалатындай аса тар емес. Құдайға шүкір, айтушысынан шендессіз шеберлікті талап ететін шеңберсіз, шексіз дүрдана дүниелері аз емес. Әлі күнге бізге таңсық шығармаларын айтпағанда, «Теріскей», «Өмір өзен», «Отырардағы той», «Дүнген қызы», т.б. шоқтығы биік бір шоғыр әндерін қайда қоясыз?! Адамзат баласының әлімсақтан бергі арман-арзуындай азат дүниені, ботақанның көзіндегі барынша бекзат бағы – бостан әлемді көз алдыңызға айна-қатесіз әкелетін «Сыған серенадасы» ше? Біздің ғашық та машық пәруана көңіліміз осы әнге неге сонша айырықша ынтық, іңкәр, ынтызар? Бұл әнді кім айтпады дейсіз?! Бәрі де өз шама-шарқынша әрледі, әспеттеді, әуелетті... Кезінде Шәмші ағамыз: «Сыған серенадасын» Зәуре Есбергеновадан асып ешкім де айта алған жоқ» деп ағынан жарылған болатын. Одан бері біраз жыл араға ат шалдырды. Жарылқаушысын күтіп жамбастап жатып алған ән қайта дүниеге келді. Алтынбек, Мақпалдар домбыра сазымен нәштеп, нақыштады. Шымкенттік әнші қызымыз Қадиша Сейітованың кең

тынысты, әуезді дауысымен едәуір биікке шарықтады. Ақыр соңында әнші-сазгер Лұқпан Жолдасовтың бірегей, тамаша әрлеуі нәтижесінде лирикалық мақам сазы мәйін, жұмсақ әншіміз Тоқтар Серіков аталмыш әнді өзінің құтты орнына біржолата қондырды. Ән жәми жұртшылықтың жүрегіне ұялады. Өз құпиясын, өз сыр-сымбатын алғаш рет бетін ашқан арудайын әмбеге жария етті. Әлемі тылсым, әсері гүлсім айырықша ән төресі деп таныдық. Мұндай әндер, ақ жарылып мойындауымыз керек, айында, жылында емес, мыңнан бір мезетте бір-ақ туады! Және мұндай ән төресінің ілкіалды ішкі иірім, үйірім, үйлесімімен қоса, сөз жоқ, сұңғыла көз сұқтанатындай тағдыры болады! Қызығасың да, қызғанасың! Қызғанасың да қызығасың! Бұл ән, мен сіздерге айтайын, қазақы қауым қарындастықтың қаймана харекетінен, тозақы тұрмыс-тіршіліктің аядай ғана аясынан әлдеқашан шығып кеткен! Жігіт Шәмшінің жудырықтай жүрегіне сыймай, аласұра алқынып, булығы бұлқынып аспан аясына ұшып шыққалы бері! Бәлкім, жұлдызы жамыраған, айы ақ шәлі жамылған түн жарымында, бәлкім, шашақты шапағы шартарапқа шашырай төгілген таң шағында... Оны, тағы да айтайық, қалақтай қазақ баласы Шәмші мен жамалы жәннаттай сыған қызы ғана біледі! «Шәмші шынтуайтында сығандар таборында болған ба, болмаған ба?» деген әлдебіреулердің қитұрқы, қысыр, қырсық сұрағы, «Шәмші сығандар арасында болмаған, бұл ойдан шығарылған, қиялдан туған» деген сияқты бейшара, бейбақ түсініктер мен ұсақ-түйек ұғымдар, шынын айтсам, мені елең еткізбейді. Әңгіме әннің туғанында! Оның басқаныкі емес, Шәмшінікі екенінде! Шәмшінің әнін Шәмшіге қимайтын ағайындар арамыздан табылып жатса, оған да таңқалуға болмас, амалың қанша?..

...Огинскийдің «Полонезін» алыңыз. Қандай ғажайып, сазды дүние! Сөзі жоқ болғанымен, өзі бар! Бәрімізге ортақ, бәрімізге етене. Біртуар дүние, туасы, ұлт таңдамайтын болса керек. Ол адамзат қауымының ортақ игілігі. Аталмыш ән, өздеріңіз білесіздер, «Туған жермен қоштасу» деп аталады. Әскери шендегі граф Клефас Огинскийдің туған жері Польшаны тастап шығар алдындағы өкініші мен өксігі...Огинский бұдан бұрын да жиырма шақты полонезді дүниеге келтірген. Бірақ... атын шығарған, артында қалған мәңгілік музасы мен мұрасы осы. Әрине, Огинский мен Шәмші және ол екеуінің қоғамы мен заманы өзара салыстыруға келмейді. Огинский – ұлт-азаттық күресінің көсемі, Шәмші – қазақ ән өнерінің қайталанбас хас өкілі. Екеуін табыстырып отырған алтын арқау, жібек желі ән-әуен әлемі.

«Қазақ ән өнерінің...» деген сөзімізге қайтара бір үңілсеңіз, айтпағымызды алдын ала аңғара қояр едіңіз. Біз, бүгінгі ұрпақ Шәмші рухының алдында әлі көп-көп қарыздармыз. Өзіміз ғана қызықтап, өзіміз ғана ардақтау, кешірсіз, аздық етеді. Әсіресе, кешеден бүгінге келіп, кемелдікке аяқ басқан кезімізде. Шәмшіні, әрі кеткенде, анау Штраустардың қатарына

сөзбен қоямыз да, оны іспен дәлелдей, дәнекерлей алмаймыз. Қазақы ұғымға сайсақ, Шәмшінің басқаныкі емес, тек өзіміздікі болғаны өзіміз үшін жетіп артылатын сияқты. Қайтерсің, тар ая, тапшы түсінік. Бұған етіміздің үйренгені қа-ш-ан... Егер өзегінде өксігінен гөрі өрті басым халық мына біз болсақ, Абайды әлдеқашан алты әлемге, Шәмшіні тым болмағанда ТМД елдеріне әйгілей алар едік. Ал, менің түйсігім мен түсінігімдегі Шәмші өзіне қонымды киімімен болсын, өзіне жарасымды жүріс-тұрысымен болсын, өзіне лайықты тағдыр-талайымен болсын, ең аяғында бір ғана «Сыған серенадасымен» болсын (өмір болса, өзге дүниесін де өзектен тебе қоймаспыз) Штраустың ғана емес, анау Шопен, Моцарт, Бетховендердің қатарында тұруға әбден лайықты! Шәмші ағадан «Сыған серенадасын» аттай қалап алғанымның мәнісі мен түп төркіні, міне, осында жатыр. Мен оны екі жылдай көкейіме сақтап, көкірегімде хаттап жүрдім. Журналистикаға жуықтау жанр эссеге де, тіпті поэзияның қара нары поэмаға да қиғым келмеді. Неге дейсіз бе, Шәмші ағаның аурухана төсегінде жатса да менің көңілімді қимай жан сырын қинала отырып айтқаны үшін!.. Мен сұрамай, ол айтпай, ішінде кетсе қайтер едім? Құдайдың бұл да болса иігені де... Ойлана, толғана жүріп драмалық шығармаға тоқтадым. Мұның алдында «Ауылдан келген ару», «Әмір Темір» атты сахналық дүниелер Алматы мен Шымкент театрларында жүріп жатқан. «Сыған серенадасы» поэтикалық драма үлгісінде жазылды. Әрине, мұның алдында сығандар өмірі туралы жазылған шығармаларды, экрандық дүниелерді іздеп жүріп оқуға, көруге тура келді. Соның ішінде, әсіресе ұнағаны Пушкиннің «Сығандар» поэмасы. Содан болар, Пушкиннің Алекосын сол күйінше алдым. Онда жағымды болса, мұнда жағымсыз кейіпкер. Шәмшіні Изольдаға біржола басыбайлы бермес үшін Сағыныш линиясын қоса таңдадым. Өйткені, қанша дегенмен біздің менталитетіміз басқашалау ғой. Шынтуайтында, ол да өмірде бар адам, жасанды, жалған кейіпкер емес. Шәкеңнің «Сағынышым менің» әні қазақтың осы бір аяулы қызына арналған. Қазіргі күнде бұл пьеса жеті, сегіз театрда бірдей жүріп жатыр. Шәмші аруағының әзіздігін, Шәмші рухының мәңгі өлмес өміршеңдігін осыдан-ақ пайымдай беріңіз!

Іздеймін, табамын деген адамға көрінбей жатқан көмбе, ашылмай жатқан бұлақ көзі аз емес. Әлімсақтан әрі, болымсақтан бері шартарапты шарлап кеткен сығандардың өмір тағдыры да осы тақылеттес. Жыл құстары секілді олар да жылы жаққа, әлдеқайдағы әлдебір Жұмақстан әлеміне әуесек. Құстар ұшпалы, сығандар көшпелі. Мифке, романтикаға, қиял-ғажайып әлеміне жаны жақын серішатыс адам, әлдеқалай кезіге қалса, сығандардың сыңсыған скрипкасына, алпыс екі тамырыңды ерітіп, балқытып әкететін ән биіне, гитара сазына, қызуқанды қыздың қылықты қимылы мен назына лезде арбалып жүре беретіні айдан анық.

Орыс ақсүйектерінің қай-қайсысы да осы халден адакүде арыла алмаған, керісінше, керек болса, сыған қызының бір сәттік ыстық жанары мен бір кештік оттай құшағы үшін бар дүние-мүлкін, үй жайын, жар қосағын тәрк етуге дейін барған! Бәлкім, біздің Шәмшіміз де әуейлікпен емес, әуесектікпен, еріккендіктен емес, еліткендіктен «Тастақтағы» табордан бір-ақ шыққан болар ма!.. Әбден мүмкін-ау. Әрі-беріден соң, ол да, мына біз де кешегі көшпелі жұрттың бүгінгі бір тұтам жұрнағы емеспіз пе?! Күнделікті мезі тірліктен меймана ен жайлауға, пешенелі пенделіктен періштелік дүниесіне кеткісі келіп тұратын құбақан құлын құдайым өзі кешіре көргей дейміз дағы...

«Сығандардың дулы, шулы дабыры

Бессарабияны кезіп жүр...» («Сығандар» поэмасынан).

Сол дабыр, сол тобыр, сол табордың шадыман шағы Пушкиннің де басын шыр айналдырып, шабытын шарпып өтпесе нағылсын!..

...Өзекті қызыл шоқтай өртеп жүрген бір өкініш бар. Ол Шәмші өміріне кеш, өте кеш үңілгендігім. Жазылған бір ғана пьеса көңілге жұбаныш, арманға алданыш бола алмайды. «Ұлық болсаң, кішік болдың» қарапайым ғана бір үлгісіндей Шәмші Қалдаяқов ғұмыры біреуге аңыз, біреуге ән, біреуге ақиқат... Үшеуі де, бәрібір, ұлы тұлғаның толыққанды тағдырының кесімді пішімді үлгісін сомдай алмақ емес. Шәмшіғұмыр күрделі де қарапайым, әсерлі де қызықты... Біз әлі оның бәріміз болып бар болғаны алғышартында ғана жүрміз. Шәмші берді, біз алдық. «Бергеннің берекесі, алғанның мерекесі» деп жүре беруге де болады. Бірақ... «Алмақтың да салмағы бар» деген сөз балаға емес, алдымен санаға қарап айтылса керек...

PS: кеше бір әріптесім «Шәмшінің қасында бір емес, бірнеше жыл жүрдім, бірақ «Шәмші сығандар таборына қоныпты, сыған қызға ғашық болыпты» деген сөзді естіген емеспін» д-е-п отыр. Дұрыс айтады, ішіне кіре алмаған адамға, қырық жыл бірге жүрсе де, сыртын бермесе, кім ішін ақтара қойсын...

«Құбылаға жығылмай...»

Шәмші аға ақын достарын, інілерін айырықша жақсы көрген. Сабырхан мен Нұрсұлтанды кейде қуақы қунақ әзілімен, кейде өткір де ұтқыр әжуасымен ойламаған жерден қағып-сілкіп тастайтын болған. Бірде Төлеген сонадайдан қуанышын жасыра алмай: «Шәмші аға, сүйінші беріңіз, кітабым шықты, кітабым!» деп қасына алқын-жұлқын жетіп келіпті. «Арман сапары» деп айқайлап тұрған жұқалтаң кітапты қолына алып, қомсына қарап шыққан Шәкең ақын інісіне: «Сүйіншің қаша қоймас, Ағаң саса қоймас» деп артынша: «Көбейіп тұр бүгінде Ақындардың қатары. Бес-ақ тиын тұратын Не деген арман сапары?» деп суырып салыпты. Төлеген кітапты қайта қолына алып, сыртқы мұқабасына көз жүгіртсе, шынында да, «Арман сапарының» бағасы

бес-ақ тиын екен.

* * *

Нұрсұлтан мен Сабырханға Шәмші: «Мен ән шығарып, сендер өлеңін жазып, әжептәуір абыройлы болып жүрсіндер ғой, әйтпегенде, мен ақын болсам, сендер өлең жазу, түгілі, қолыма су құя алмас едіңдер» деп әзілдейді екен. Шынында да, Шәкеңнің табан астында тауып айтатын тапқырлығымен қоса суырып салмалығы былайғы жұртты таңқалдырып, тамсандыратын болған. Әдеттегі қағилез қалжыңына басып әуелі мына бір анекдотты (бұралқысөз) айтып алып, артынша осыған қарайлас, орайлас өлеңін сақал-мұртын таңертең күзеп, түзеп тұрғанда айтқан екен.

Бұралқысөзі: «Сақалымды алған сайын өзімді он жасқа жасарғандай сезінемін» депті күйеуі. Сонда жанынан әрлі-берлі өтіп жүрген әйелі тоқтай қалып: «сол сақалды ертеңгісін емес, күнде кешкісін алып тұрсаңшы?!» деген екен.

Ал, енді өлеңі мынау:

*«Күнара сайын қырынбай,
Мұрттың сәні келер ме?
Көрінгенге ұрынбай,
Қырттың сәні келер ме?
Құбылаға жығылмай,
Жұрттың сәні келер ме?!»*

* * *

Ауылға ат басын бұрған бір сәтінде Арыстан әрі асып, Сыр анасына барған Шәкең оның жағасына атшалдыра мұңайып тұрып:

*«Есімнен шықпас сірә да,
Айналайын, Сыр ана.
Мендегі әнді айтсаң да,
Мендегі халді сұрама.
Ішейін десем тұздайсың,
Түсейін десем мұздайсың.
Сыңси да сыңси жат елге
Баратқан ұзап қыздайсың...»* деген екен.

Бірінші шумақта сары жапырақ сағынышты бүркенген мінәйім мұң бар. Өз аужайынан аяулы анасына алғаусыз сыр ағытқан баланың сыңайын байқатады. Одан кейінгі шумақ өзінің емес, керісінше, Сыр ананың сырлы, мұңлы сыңайынан хабар бергендей әсер қалдырады. Таза да текті поэзияның дәлме-дәл өзі. Олай дейтініміз, Шәмші аға ән мәтінінің көркемдік һәм мағыналық сыр-сипатына ерекше мән берген. Мұның бір мысалы, «Сағынышым менің» әнінің мәтінін ең кемінде бес-алты рет жаздырғанын Сабырхан ағаның өзі айтып еді... Шәмші әндерін не айта, не тыңдай отырып, өлең сөзіне мән беріп байқаңызшы, бүгінгідей көз сүрінетін олпы-солпы, не қиқы-жиқы тұрған тұстарын таба алар ма екенсіз?! Жоқ, атымен жоқ! Бұл да болса аса талғамшыл, барынша кірпияз өнер иесінің сөз бен саздың киесіне деген құрметі мен ілтипаты. Енді сол ағамыздың алпысқа ат арытып келгендегі айтқанына қараңыз:

«Қыз еді баяғыда мақалымыз,
Бұл күнде бурыл тартты сақалымыз.
Дүние-ай, өткен күннің белгісі жоқ,
Қыз кетіп, қатын болды қатарымыз...»
Қисыны майдан қыл суырғандай, ұйқасы тастай емес пе?!

«Шә...ше...»

Жұмыста отырғам. Шәкең Тараздан хабарласты. Өз көлігімен өзі бері шықпақшы екен. Күтіп алуым керек. Тараз бен Шымкент арасы жеңіл көлікпен жүргенде көп болса үш сағат жер. Оның үстіне ұшыртып айдайтындай ағамыз аса әбжіл жүргінші емес. Газеттің шұғыл материалын шұқшия жазып отырғанымда, құдай ұрып Шәкеңнің келетін мезгілін білмей қалыппын. Бір кезде көше жақтан дабыр-дүбір шу шықты. Терезе ашықтұғын. Шәкең есіме сап ете қалды. Қағаз, қаламды тастай беріп, далаға атып шықтым. Сөйтсем, үлкен көшенің дәл ортасында бір мәшине, оны қоршалай екі үш міліса тұр. Кабинаға үңілсем...Шәкеңнің өзі! Сасқанымнан «аға, не болды?» депмін. Шәкең сол отырған күйінде: «О...оны аналардан сұра, Қ... Қалдаяқовқа жете алмай қор болдым ғой, Шә...Шә...»

– Әне, тағы боқтады! Мә, саған шешенді! – деп еңгезердей міліса қолындағы талонды тағы бір-екі мәрте тесіп жіберді, бұл боқтағанда, біз неге аянып тұрамыз, кеттік пунктке!

Қарасам, әлгінің қолындағы талонда сау жер жоқ, шұрқ тесік. «Ағасы-ау, мыналардың қолына талонды құрдан құр неге бере салдыңыз, құртыпты ғой? Әй, жігіттер...

